

Келісетін
Өңтөке оқу аймағында
білім бөлімінің басшысы
 С. Б. Ибраева.
« 2024 жыл

Бекітетін
Санаториялық ұлттық «Балдырған»
балабақарысының
басшысы  Н. С. Жұманшова.
« 2024 жыл

Вариативтік компонент
Тақырыбы: «Шебер қолдар»

Орындаған: Ибраева А.
Идирисова А.
Мурзагулова Г.

Түсінік хат

Қоғамымызда сапалы білім берумен қатар еңбекке баулу, үйрету аса қажет. Балаларды мүсіндеуге деген қызығушылығын арттырып, шығармашылық қиялын дамыту. Интеллектуалды және ойлау процестерінің дамуы қолдың қозғалысын дамыту басталуы керек, әсіресе қол саусақтарындағы қозғалыстарды дамыту аса қажет. Бұл қолдың дамуы мидың қалыптасуында, оның танымдық қабілеттерінде, сөйлеудің қалыптасуында маңызды рөл атқаратындығына байланысты. Бұл баланың және оның миының дамуы үшін қолды жаттықтыру керек дегенді білдіреді. Бұл болашақта оған жана нәрсені оңай үйренуге мүмкіндік береді

Бағдарламада мектеп жасына дейінгі балаларды көркем сөзді түсіне білуге үйрету, ой қиялын дамыту, саусақ бұлшық еттері мен ұсақ моторикасын дамыту, шығармашылыққа тәрбиелеу мақсаты көзделіп отыр. Сондықтан бағдарламада тәрбиеміздің осы бір кемшіл тұстарын толтыру, көркем әдеби шығармаларды қызығушылықпен тыңдай білу, мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, аңдардың мінез құلقىна баға беру арқылы балалардың сөздік қорларын дамыту, достаса білуге, ұйымшыл болуға тәрбиелеу, ұйымдаса отырып еңбектенуге, шығармашылыққа, төзімділікке, ептілікке, ұқыптылыққа, еңбекқорлыққа үйрету мақсаты көзделіп отыр.

Балаларды өз бетінше шешім қабылдауға тәрбиелеу, бастаған ісін аяғына жеткізіп істеуге және қосымша әшекейлеп, безендіруге, ұқыптылықпен, мақсаткерлікті тәрбиелеу, жасалған жұмыстарына қанағаттануға жағымды эмоцияларға тәрбиелеу мақсаттары да қарастырылған.

Бағдарламаның мақсаты:

Баланың эстетикалық талғамын, қиялын, шығармашылық қабілетін құрғастыратын шығармашылық күзіндеттілігін меңгерген мектеп жасына дейінгі бала тұлғасын қалыптастыру. Балалардың мүсіндеуге деген қызығушылығын арттыру негізінде көркемдік талғаммен жетілдіру

Бағдарламаның міндетері:

Техникалық дағдыларымен іскерліктерін қалыптастыру. Шығармашылық іс-әрекет үрдісіне, көркем шығармалар, салт-дәстүр мен халық шығармаларына Эмоционалдық қарым-қатынастарын білдіруге тәрбиелеу.

Педагогикалық мақсаттылығы: Мектеп жасына дейінгі балалардың саусақтарының ұсақ моторикасын, шығармашылық қабілетін дамыту.

Күтілетін нәтиже:

1. Шиыршықтап есу, жаймалау, жаныштау және сөзу тәсілдерін жетік біледі.
2. Ұжымдық жұмыстар жасауды, жасалған жұмысқа қанағаттана біледі, өз жолдастарына көмек беруге ықыласты болады.
3. Қолдан ұсақ қимылдың көз мөлшерін дамытудың нәтижесіне жетеді. Халық қол өнер шеберлігінің жұмыстарын құрметтеп қарап, қорғап, сақтауды үйренеді.
4. Бейнеленген нысанға көбірек ұқсатудың нәтижесіне жетеді.
5. Өз жұмыстарын басқалармен салыстыра, бағалай білуді меңгеру

Тақырыптық жоспарлау

Айы	№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны
Қыркүйек	1	Қуыршақ Сәулеге арналған кәмпіттер	1
	2	« Тәтті тоқаштар »	1
Қазан	3	Жалырақтар.	1
	4	Сылдырмақ	1
Қараша	5	Саңырауқұлақтың достары (ұжымдық жұмыс).	1
	6	Көкөністер (қияр мен қызанақ)	1
	7	Жемістер»алма мен алмұрт)	1
	8	« үйрек»	1
	9	«Үш аюдың ыдысы	1
	10	«Бағдаршам»	1
Желтоқсан	11	Ақкала	1
	12	Шыршаға моншақтар (ұжымдық жұмыс).	1
Қаңтар	13	Құман	1
	14	Қонжық.	1
	15	Сиқырлы құс	1
	16	«Ақ қоян»	1
	17	Суретші.	1
	18	Тікенекті кірпі.	1
Ақпан	19	Қаршақыз	1
	20	«Жұлдызды аспан»	1
	21	Ақылды лақ	1
	22	Кесе	1
Наурыз	23	Балық	1
	24	Торсықтың бөлмесі (ұжымдық жұмыс)	1
Сәуір	25	Домбыра.	1
	26	Баланап.	1
	27	Ас үй жиһазы (ұжымдық жұмыс)	1
	28	Аспаз.	1
	29	Апорт алмасы	1
	30	Дос болайық.	1
Мамыр	31	Қызғалдақ.	1
	32	Кобелек.	1
	33	Сайқымазақ.	1
	34	Балапандар	1
	35	Мадақтау	1
	36	««Ұшақ	1
		Барлығы	36

«Сиқырлы ермексаз» бағдарламасының перспективті жұмыс жоспары.

№	Тақырыбы	Бағдарламалық міндеттері	Бағдарламаны іске асыру нысандары	Бағдарламаны іске асыру әдістері
1	Қуыршақ Сәулеге арналған көмпиттер	Балаларды ермексаздың қасиеттерімен таныстыру.Ермексазды бөліп алып, илеп мүсіндер жасауға үйрету.Мүсіндеуге деген қызығушылықтарын арттыру.	Сюжеттік рөлдік ойын: «Отбасы»	Тосын сәт: қуыршақ қонаққа келеді, ойыншықтар туралы әңгімелесу, сұрақ-жауап, көрсету, түсіндіру, мадақтау, бағалау
2	« Тәтті тоқаштар »	Ермексазды алақан ортасына салып тіке илеп,таяқша жасап екі шетін қосу.Қол саусақ бұлшықеттерін нығайту. Ұқыпты жұмыс жасауға үйрету.	Дидактикалық ойын «Үннен жасалған тағамдарды ата»	Үлгі көрсету,әңгімелеу,сұрақ-жауап,бағалау,мадақтау
3	Жапырақтар.	Түзу және домалақтау тәсілдерін қолдана отырып, мүсіндеуді үйрету.	Дидактикалық ойын «Түсінен ажырат»	Серуенде ағаштарға бақылау жасау, әңгімелесу, сұрақ-жауап, көрсету, өзіндік жұмыс, ойын, мадақтау, бағалау
4	Сылдырмақ	Балаларды екі бөлшектен тұратын затты мүсіндеуге үйрету.Ермексазды екіге бөліп,бірінші бөліктен таяқша,екінші бөліктен дөңгелек жасап біріктіру.Мүсіндеудің әртүрлі тәсілдерімен жаттықтыру.	Өлең оқу	Әңгімелеу сұрақ-жауап, балалардың өзіндік жұмысы, бағалау, мадақтау
5	Саңырауқұлақтың достары (ұжымдық жұмыс).	Екі бөлшектен тұратын затты мүсіндеуге баулу.Бастаған ісін аяқтауға дағдыландыру.	Дидактикалық ойын «Таны да ата»	Жұмбақ,слайд,сұрақ-жауап,бағалау,мадақтау

6	Көкөністер (жияр мен қызанақ)	Көкөністердің негізгі пішінін оларға тән ерекшеліктерін беруге үйрету. Табиғат сыйына ризашылық сезімдерін ояту	Дидактикалық ойын «Көкөністерді ажырат»	Көкөністер туралы әңгімелесу, суреттер көрсету, сұрақ- жауап, көрсету, түсіндіру, ойын, мадақтау, бағалау
7	Жемістер» (алма мен алмұрт)	Балаларды ермексаз кесектерін алақан арасына салып, домалақтау, ширату іскерліктерін жетілдіру. Мүсіндеуге деген қызығушылықтарын арттыру	Дидактикалық ойын «Жемістерді ата»	Әңгімелесу, жемі с суреттері, жұмба қ, көрсету, бағала у, мадақтау
8	« үйрек»	Балаларға үйрек туралы түсінік беру. Ермексазdan әртүрлі сопақшаларды жасап, бөліктерді бір-біріне біріктіру арқылы үйректі мүсіндеуге үйрету.	Дидактикалық ойын «Үй құстарын ата»	Әңгімелесу, түсіндіру, жұмба қ, көрсету, бағала у, мадақтау
9	«Үш аюдың ыдысы»	Балаларға домалақтау, жаншу, есу арқылы мүсіндеуді үйрету. Бейнені дұрыс жеткізуге дағдыландыру.	«Үш аю ертегісі» Оқу Дидактикалық ойын «Көлеміне қарай ажырат»	әңгімелесу, түсіндіру, сұрақ- жауап, көрсету, өзіндік жұмыс, ойын, мадақтау, бағалау
10	«Бағдаршам»	Балаларды бағдаршамның белгілерімен таныстыру. Ермексазды домалақтап, бірінің астыны бірін орналастыруды үйрету. Эстетикалық талғамға тәрбиелеу	Жұмбақ жасыру.	Бағдаршам туралы әңгімелесу, сұрақ-жауап, көрсету, өзіндік жұмыс, мадақтау, бағалау
11	Аққала	Балаларды домалақтау тәсілімен аққаланы мүсіндеуді және бөліктерді біріктіруді үйрету. Қысқы қонақты мүсіндеуге ынталандыру.	Дидактикалық ойын «Шыршаны безендір»	Үлгі, тосын сәт қонаққа аққала келеді, жұмбақ, сұ рақ- жауап, бағалау, ма дақтау.
12	Шыршаға моншактар (ұжымдық жұмыс).	Балалардың домалақ пішінді заттарды мүсіндей білуін бекіту. Мерекелік көңіл- күйлерін жеткізе білуге дағдыландыру.	Өлең оқу Жұмбақ	Әңгімелесу, сұрақ-жауап, көрсету, өзіндік жұмыс, мадақтау, бағалау

13	Құман	Балаларға домалақтап құманның шүмегін, тұтқасын, қаппағын жасап үйрету. Ұлттық өрнекпен бейнесі толықтыра білуін дамыту.	Дидактикалық ойын «Бір сөзбен ата»	Әңгімелеу, түсіндіру, көрсету, өзіндік жұмыс, мадақтау, бағалау
14	Қонжық	«Қонжық» – өлең жолдары жатталады, көркем сөзді түсіне білуге үйрету, өлең мазмұнының түсіне, көз алдына елестете отырып мүсіндей білуге баулау.	Дидактикалық ойын «Жабайы аңдарды ата»	Үлгі, жұмбақ, сұрақ-жауап, бағалау, мадақтау.
15	Сиқырлы құс	Балаларды мүсіндеудің домалақтау, жалнайту, тегістеу, есу, ширату тәсілдерін қолдана отырып, құс бейнесін жасауға үйрету.	Өлең оқу жаңылтпаш	Құс суреттерін көрсету, түсіндіру, үлгі, бағалау, мадақтау
16	«Ақ қоян»	Балалардың жабайы жануар - қоян туралы түсініктерін кеңейту. Ермексазбен қоянның бейнесін салуға үйрету. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге баулу. Жануарларға сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.	Жұмбақ жасыру Дидактикалық ойын «Қай жануар?» Қимылдық ойын: «Ақ қоян»	«Жабайы жануарлар» суреттер қарау әңгімелесу, сұрақ-жауап, көрсету, өзіндік жұмыс, ойын, мадақтау, бағалау
17	Суретші	Қара түсті картонға, ақ түсті ермексазбен ою жабыстыру. Сипап сөзу тәсілі арқылы, сызықтармен, нүктелермен безендіру.	Жұмбақ жасыру	Суретші туралы сұрақ-жауап, көрсету, түсіндіру, ойын, мадақтау, бағалау
18	Тікенекті кірпі.	Ермексазды түсіне қарай тандап алып, керек бөлшектерге бөліп, домалақ пішінді мүсіндеуді, кейіпкердің көңіл күйін бере отырып, ұсақ бөлшектермен толықтыруды үйрету.	Жұмбақ жасыру «Қай жануар?»	«Жабайы жануарлар» суреттер қарау әңгімелесу, сұрақ-жауап, көрсету, өзіндік жұмыс, ойын, мадақтау, бағалау

19	Қаршағыз	Аққаланы құрамдастыру тәсілімен мүсіндетуді үйрету. Шырыштықтан есу және жабыстыру әдістерін жетілдіру. Көз мөлшерін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Аққалалар отбасын мүсіндеу. Ұжымдық жұмысқа тәрбиелеу.	Ән орындау Жұмбақ жасыру Өлең оқу	Қарға бақылау жасау, әңгімелеу, сұрақ-жауап, көрсету, түсіндіру, ойын, мадақтау, бағалау
20	«Жұлдызды аспан»	Балаларды ермексазбен жұлдыздар салуды үйрету. Ұзу, илеу, жалпақтау, жағу тәсілдерін пайдалану. Жұмыс жасауға деген қызығушылығын арттыру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Жұмбақ жасыру Қимылдық ойын: «Күн-түн»	Әңгімелеу, үлгі көрсету, сұрақ-жауап, түсіндіру, ойын, мадақтау, бағалау
21	Ақылды лақ	Жануардың өзіне тән ерекшеліктерін бере отырып, бейнені түрлі материалмен толықтыру арқылы, лақты мүсіндеуді үйрету. Қиялдауды дамыту. Мақсаткерлікке тәрбиелеу.	Дидактикалық ойын «Дауысынан ажырат»	Әңгімелеу, көрсету, сұрақ-жауап, түсіндіру, ойын, мадақтау, бағалау
22	Кесе	Балаларды қазақ ұлттық ою-өрнектерімен таныстыруды жалғастыру. Эстетикалық талғамын тәрбиелеу.	Дидактикалық ойын «Ұлттық ыдыстарды ата»	«Ұлттық ыдыстар» слайд көрсету әңгімелеу, түсіндіру, сұрақ-жауап, көрсету, өзіндік жұмыс, ойын, мадақтау, бағалау
23	Балық	Балаларға жағу, домалақтау тәсілдерін қолдана отырып балық жасауға үйрету.	Өлең оқу Жаңылтпаш	Үлгі көрсету, түсіндіру, бағалау, мадақтау
24	Торсық (ұжымдық жұмыс)	Дайын пішіндерді халық ою-өрнегі элементтерінен безендіруді үйренеді. Қолдың ұсақ қимылын, көз мөлшерін дамыту. Халық қолөнер-шеберлерінің жұмыстарына құрметпен қарауға тәрбиелеу.	Дидактикалық ойын «Пішінінен тап»	Үлгі көрсету, түсіндіру, бағалау, мадақтау

25	Домбыра.	Заттардың пішіндерін бере білуді, геометриялық өрнектермен: нүктелермен, сызықтар-мен безендіруді үйрету.	Дидактикалық ойын «Дауысынан таны»	Өлең оқу, жұмбақ, сұрақ-жауап, әңгімелеу, мадақтау, бағалау
26	Балапан.	Ермексазды бөлшектердің санына қарай бөлеміз. Өр түрлі көлемдегі конустар жасаймыз. Бөлшектерді фигураның қозғалысына қарай майыстырамыз да, біріктіреміз..	Дидактикалық ойын «Анасын тап»	Үй құстары туралы әңгімелеу, түсіндіру, әңгімелеу, бағалау, мадақтау.
27	Ас үй жиһазы	Есу және жалпақтау тәсілдерін бекіту. Біржағаттылыққа, елестетуді және шығармашылық әлеуметті дамыту.	Жұмбақ жасыру Жаңылтпаш	Слайд, көрсету, әңгімелеу, түсіндіру, бағалау, мадақтау
28	Аспаз.	Қолдың ұсақ қимылын, көз мөлшерін дамыту. Эстетикалық талғамды тәрбиелеу.	Дидактикалық ойын «Ол кім, бұл не»	Суреттер қарау әңгімелесу, сұрақ-жауап, көрсету, өзіндік жұмыс, ойын, мадақтау, бағалау
29	Апорт алмасы	Ермексаздың қажетті түсін аламыз да, бөлшектердің санына қарай бөлеміз. Дөңгелетіп илеу, жалпайту, жабыстыру әдістерін пайдаланып апорт алмасын мүсіндейміз.	Жұмбақ жасыру Өлең оқу	Үлгі көрсету, әңгімелеу, сұрақ-жауап, балалардың өзіндік жұмысы, бағалау, мадақтау
30	Дос болайық	Ермексаз жолығын спираль бойынша айналыра бүктеу жолымен жасалады. Қолын ұсақ қимылын дамыту. Бейнеленген нысанға кебірек ұқсатуға тырысуды үйрету.	Өлең оқу	әңгімелеу, сұрақ-жауап бағалау, мадақтау
31	Қызғалдақ.	Ермексазды бөлшектердің санына қарай бөлеміз. Үлкенін жалпақтаймыз, бұл фон болады. Ал қалған бөліктерден қажетті түстен сабағы мен жапырақтарын мүсіндейміз.	Дидактикалық ойын «Суретінен тап»	Әңгімелеу, түсіндіру, сұрақ-жауап, көрсету, өзіндік жұмыс, мадақтау, бағалау

32	Көбелек.	Қызметті жоспарлауды және бастаған ісін аяғына жеткізуді, өз жұмысында бейнеленетін заттың өзіндік ерекшеліктерін толық беру үшін әр түрлі материалды пайдалануды үйрету. Қолдың ұсақ қимылдарын, ұқыптылық-ты дамыту. Бізді бағатты-лыққа тәрбиелеу.	Жұмбақ жасыру Қ/о «Көбелектер мен гүлдер»	«Жәндіктер» слайд, әңгімелеу, түсіндіру, сұрақ-жауап, көрсету, өзіндік жұмыс, ойын, мадақтау, бағалау
33	Сайкымазақ	Балалар өз таңдаулары бойынша мүсіндейді. Шиыршықтап илеу, есу және жабыстыру тәсілдерін бекіту.	Жұмбақ жасыру	сұрақ-жауап, көрсету, өзіндік жұмыс, ойын, мадақтау, бағалау
34	Кішкентай кеме.	Ермексаз кесінділерінің керек түстерін бөлшектердің санына қарай бөлеміз. Бөлшектерді өз қиялымыздағыдай етіп біріктіреміз.	Жұмбақ жасыру Дидактикалық ойын «Жүреді, ұшады, жүзеді»	«Көлік түрлері» суреттер көрсету, әңгімелеу, түсіндіру, сұрақ-жауап, көрсету, өзіндік жұмыс, ойын, мадақтау, бағалау
35	Мадақтау	Ермексазбен жасалған тәсілдердің бәрін ауызша айтып, қолмен көрсетеді.	Өлең оқу	Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, бағалау, мадақтау
36	«Ұшақ»	Балалардың көліктер туралы білімдерін толықтыру. Ермексазбен ұшақтың суретін салуды үйрету. Жұмысты қосымшалармен толықтыра білуін жетілдіру. Шығармашылық қабілеттерін дамыту.	Жұмбақ жасыру Дидактикалық ойын «Жүреді, ұшады, жүзеді»	«Көлік түрлері» суреттер көрсету, әңгімелеу, түсіндіру, сұрақ-жауап, көрсету, өзіндік жұмыс, ойын, мадақтау, бағалау

Пайдаланылган әдебиеттер тізімі

1. «Бобектерге байгазы» - балабақшаға арналған әдеби -хрестоматиялық жинақ.Шартарап. Алматы 2000 ж.
2. «Изобразительное искусство» - Болатбаев Құдайберген Қазымұлы. Алматы «Атамұра» 2001
3. «У истоков мастерства»-Максимов Юрий Васильевич. Москва. 2003 г.
4. Роспись по дереву. Халида Исмаиловна Махмутова. Т.С. Комарова. 2007 ж.
5. Методика обучение изобразительной деятельности и конструированию. Т.С. Комаровой . Москва , 2001г.

«Бекітілу»
Санаториялық үлгілері
«Балдырған балалар
мекені» бастамасы
Д.С.Жуманова
номинациясы 12 бет